

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қартаудағы № 22 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 324 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 10 қартарада № 18165 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 196 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметін жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қартаудағы № 22 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13276 болып тіркелген, 2016 жылғы 5 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің брокерлік қызметінің қағидаларында:

1 және 2-тараулардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

"2-тарау. Ұлттық Банк пен клиент арасында брокерлік қызмет көрсету туралы шарт жасау";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуettі клиент брокерлік қызмет көрсету туралы шартты жасау үшін Ұлттық Банкке клиенттің бұйрығына қол қоюға уәкілетті клиенттің қызметкерлерінің қол қою үлгілері бар нотариат қуәландырған құжатты үшданада ұсынады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасау";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Клиент қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау үшін Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша клиенттің бүйрығын Ұлттық Банкке ұсынылады.

Клиенттің бүйрығына клиент немесе оның өкілі қол қояды және брокерлік қызмет көрсету туралы шартта белгіленген мерзімде екі данада Ұлттық Банкке ұсынылады.";

1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Молдабекова Ә.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген қуннен бастап құнтізбелік он құн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс құні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 324 қаулысына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің брокерлік қызметінің
қағидаларына
1-қосымша

Мұдделер қақтығысының болуы жөнінде хабардар екені туралы растама

Клиент осымен брокерлік қызмет көрсету туралы жасалатын шарт бойынша мұдделер қақтығысының ықтимал туындауы туралы өзінің хабардар екендігін растайды және төменде баяндалған талаптарды толығымен қабылдайды.

Мұдделер қақтығысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қаржы құралдарымен бір уақытта брокер және мәміленің тарабы (қарсы әріптес, сатушы/сатып алушы, мемлекеттік бағалы қағаздардың эмитенті) болған жағдайда туындайды.

Ұлттық Банк мынадай жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүзеге асыру кезіндегі қаржы құралдарымен мәміленің тарабы болып табылады:

- 1) Ұлттық Банктің портфеліндегі мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу/сату кезінде;
- 2) Ұлттық Банктің қыскa мерзімді ноттарын сатып алу/сату кезінде;
- 3) РЕПО мәмілелерін жасау кезінде (тура және кері);
- 4) депозиттер қабылдау кезінде;
- 5) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде;
- 6) шетелдік валютамен мәмілелер жасау кезінде;
- 7) Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын іске асыру мақсатында жасалатын өзге мәмілелер жасау кезінде.

Ұлттық Банк мұдделі тарап ретінде Клиентке мұдделер қақтығысы орын алған жағдайда Клиент мұддесінің Ұлттық Банктің жүргізіп отырған мемлекеттік ақша-кредит саясатының мұддесінен жоғары қойылатынына кепілдік бермейді.

Ұлттық Банк Клиентке мұдделер қақтығысы орын алатын қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде ұсынымдар бермейді.

Тегі, аты және экесінің аты (бар болса)

Клиенттің қолы, құні

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 324 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің брокерлік қызметінің
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Клиент бұйрығы

№ _____

20 ____ жылғы "___" _____

Клиент _____

Бағалы қағаздарға арналған депо қосалқы шоты _____

— Брокер (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі) жүргізілетін мынадай мәмілелерді жүзеге асыруды сұраймыз:

мәміле түрі _____

сатып алу/сату, депозит, тікелей/кері РЕПО және тағы сол сияқты

қаржы құралы _____

валюта, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары және тағы сол сияқты)

қаржы құралының бағасы _____

(шамамен бағасы/бағамы/баға белгілеуі, баға/бағамы/баға белгілеу дәлізі)

сыйақы (кірістілік) мөлшерлемесі _____

— қаржы құралының саны _____

мәміленің жалпы сомасы _____

депозитті орналастыру күні _____

депозитті аяқтау күні _____

депозит бойынша сыйақы сомасы _____

Клиенттің бұйрығын орындау мерзімі немесе күні _____

Клиенттің бұйрығының қолданылуының аяқталу уақыты _____

— Деректемелер _____

Қосымша ақпарат (бағалы қағаздар бойынша):

бағалы қағаздардың әмитенті _____

ұлттық сәйкестендіру нөмірі _____

шығарылған күні _____ өтеу күні _____

Бірінші басшы _____ Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер _____ Тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)

осы бөлікті сауда бөлімшесінің қызметкері толтырады:

_____ Клиенттің бұйрығын қабылдау күні және уақыты

_____ сауда бөлімшесі қызметкерінің тегі, аты

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК